- технологиялық жүйелердің өзара байланысқан жеке агрегаттарының құрылуы тиімді модельдерінің типін қажетті критерийлер бойынша таңдап, оларды құру;

- жүйе агрегаттары жағдайы мен жұмысы жайындағы қол жетімді ақпараттары мен олардың айқынсыздық деңгейіне байланысты, агрегаттардың модельдерін құру әдістемесін даярлау;


- қол жетімді түрлі сипаттағы ақпарат негізінде құрылатын жеке агрегаттардың модельдерін біріктіру арқылы технологиялық жүйе жұмысын жүйелі модельдеуге қабілетті модельдер пакетін алу.

БҚК мысалында технологиялық жүйелер агрегаттарының модельдерін құруда олардың жұмысын сипаттайтын қол жетімді ақпараттың түріне байланысты модель құрудың түрлі белгілі тәсілдері жүйеленіп, осы жұмыста ұсынылатын жүйелік тәсілдеме қолданылады.

Сонымен бұл зерттеуде технологиялық жүйелер агрегаттары жұмыс жайында теориялық мәліметтер жеткілікті болғанда, аналитикалық тәсілдер негізінде детерминді модельдер, ал сенімді статистикалық деректер жеткілікті болса, онда эксперименталдық-статистикалық тәсілдер (Jorgensen, 2019) негізінде статистикалық модельдер құрылатын болады. Бастапқы ақпараттың айқынсыздығы жағдайында мұндай ақпаратты жинау және өңдеу үшін эксперттік бағалау мен айқын емес жиындар тәсілдері (Orazbayev, 2018; Pavlov, 2016; Reverberi, 2019) қолданылады. Бұл зерттеуле БҚК сияқты технологиялық жүйелер агрегаттарының модельдері пакеті жүйелік талдау тәсілдемесі және гибридтік модель құру тәсілі [25] негізінде құрылады

Зерттеу нәтижелері

Математикалық модельдерді құға қажетті бастапқы ақпараттардың жеткіліксіздігі мен айқын еместегі жағдайында БҚК сияқты күрделі технологиялық жүйелердің өзара байланысқан агрегаттарының модельдері пакетін құруға ұсынылған жүйелік әдістеменің жалпы блогының негізгі кезеңдері 1-суретте келтірілген.



Сурет 1 –Түрлі сипаттағы қол жетімді ақпараттар негізінде технологиялық жүйелердің өзара байланысқан агрегаттарының модельдерін құру әдістемесінің жалпы блок-схемасы (General flowchart of the methodology for constructing models of interconnected aggregates of technological systems based on available information of various nature)

Түрлі сипаттағы қол жетімді ақпараттар негізінде технологиялық жүйелердің өзара байланысқан агрегаттарының модельдерін құру әдістемесінің келтірілген жалпы блок-схемасының негізгі блокторына түсініктеме берейік.


Әдістеменің 2-ші блогында зерттелетін технологиялық жүйе агрегаттарының жағдайы, жұмысы жайлы қол жетімді түрлі сипаттағы ақпараттар (теориялық мәліметтер, эксперименталдық-статистикалық деректер, айқын емес ақпарат) жинақталып, өңделіп, ендіріледі.

3-ші блокта әр агрегатқа тиімді модель типін таңдау үшін қажетті критерийлер $f_k, k = 1, K$, мысалы: модель құруға қажетті ақпараттың қол жетімдігі; агрегаттың жұмысын басқаруда қолданылуы; құру мүмкіндігі; адекваттық деңгейі; бір модельдер пакетіне біріктіру мүмкіндігі т.б. қалыптастарылады.

4-ші блокта жүйелі талдау және эксперттік бағалау арқылы қалыптасқан критерийлер және әр агрегатқа қол жетімді ақпарат негізінде тиімді модель типін анықтау жүзеге асырылады.

Ұсынылған әдістеменің бастапқы ақпараттардың сипаты мен тиімді модельді таңдау критерийлері бойынша нысандардың түрлі модельдері құрылатын негізгі 5-блогы төмендегі 2- және 3- суреттертегі әдістеменің жете келтірілген блок-схемаларында ашылған.


6-шы блокта құрылған модельдердің адекваттығын тексеріледі. Мысалы келесі критерий арқылы: $|y^M - y^E| \leq R_D$, мұнда y^M, y^E сәйкесінше, нысан шығысының модельдер арқылы алынған есептік және эксперименттер арқылы алынған шынайы мәндері; R_D рұқсат етілген ауытқу мәні.



Сурет 2 –Технологиялық жүйе өзара байланысқан агрегаттарының дәстүрлі тәсілдер негізінде детерминді және статистикалық модельдерін құру блок-схемасы (Block diagram of the construction of deterministic and statistical models of interconnected aggregates of technological systems based on traditional approaches)

Келтірілген дәстүрлі тәсілдер негізінде агрегаттың детерминді және статистикалық модельдерін құру блок-схемасында 5.1 блогында жеке агрегаттың моделін құруға теориялық мәліметтердің жеткіліктігі және критерийлер бағасы бойынша детерминді модель максималды мәнге иелігі тексеріледі. Егер бұл шарт орындалса, онда 5.2 блокта белгілі аналитикалық тәсілдер көмегімен агрегаттың детерминді моделі құрылады да құрылған модельдің адекваттығын тексеру үшін жалпы бло-схеманың 6-блогына өтеді.

Егер жоғарыдағы шарт орындалмаса, онда 5.3-блокқа өтеді. Бұл блокта агрегаттың моделін құруға эксперименталдық-статистикалық деректердің желкілікті және таңдау критерийлері бойынша статистикалық модель мәнінің максималдығы тексеріледі. Бұл шарт орындалған жағдайда 5.4-блокта эксперименталдық-статистикалық тәсілдер негізінде агрегаттың статистикалық моделі құрылады, құрылған модельдің адекваттығын тексеру үшін жалпы бло-схеманың 6-шы блогына өтеді. Ал шарт орындалмаса, онда айқын емес не лингвистикалық модель мүмкіндігін тексеріп, мұндай модельдерді құру үшін келесі блок-схеманың 5.5-блогына өтеді (сурет 3).



Сурет 3 –Технологиялық жүйе өзара байланысқан агрегаттарының ұсынылған айқын емес және лингвистикалық модельдерін құру блок-схемасы
(Block diagram of the construction of the proposed fuzzy and linguistic models of interconnected aggregates of the technological system)

Сурет 3-те келтірілген агрегаттардың қол жетісміді ақпараттар негізінде оның айқын емес не лингвистикалық модельдерін құру үшін осы жұмыста жүйеленіп, ұсынылған тәсілдемелер қолданлады.

Егер технологиялық жүйе агрегатының кірісі $\mathbf{x} = (x_1, \dots, x_n)$ айқын, ал күйі мен жұмысын сипаттайтын шығысы $\tilde{\mathbf{y}} = (\tilde{y}_1, \dots, \tilde{y}_m)$ айқын емес және модельдерді таңдау критерийлері бойынша нысанның айқын емес моделін құру максималды мәнге болса (блок 5.5), онда оның айқын емес моделі келесідей құрылады.

5.6-блокта агрегаттың айқын емес моделін құру үшін эксперттік бағалау және айқын емес жиындар тәсілдері қолданылады. Бұл блокта агрегаттың айқын емес модельдердің құрылымын көпкрегессиялық теңдеулер түрінде регрессорларды тізбектей қосу әдісі көмегімен анықтауға болады:

$$\tilde{y}_j = \tilde{a}_{0j} + \sum_{i=1}^n a_{ij} x_{ij} + \sum_{i=1}^n \sum_{k=i}^n a_{ikj} x_{ij} x_{kj}, j = \overline{1, m}. \quad (1)$$

Айқын емес модельдің құрылымы (1) оның айқын емес параметрлерін $\tilde{a}_0, \tilde{a}_1, \dots, \tilde{a}_n$ идентификациялау кірістірілген цикл ретінде, сыртқы циклде модельдің құрылымы, ал ішкі циклінде параметрлері анықтау орындалады. Айқын емес параметрлерді идентификациялау есебін α деңгейлі жиын негізінде модификацияланған ең кіші квадраттар тәсілі көмегімен шешуге болады.

Егер 5.7-блок шарты орындалса, яғни агрегаттың кірісі және шығыс параметрлері жайлы айқын емес ақпарат жеткілікті және критерийлер бойынша лингвистикалық модель максималды мәнге ие болса, онда 5.4-блокта нысанның лингвистикалық моделі құрылады.

Лингвистикалық модельді құру үшін нысанның айқын емес шығысына $\tilde{y}_j \in \tilde{B}_j, j = \overline{1, m}$ әсер ететін кіріс параметрлері лингвистикалық айнымалылар арқылы сипатталады, $\tilde{A}_i \in X, \tilde{B}_j \in Y$ – айқын емес ішкі жиындар, X, Y – әмбебап жиындар. Одан кейін эксперттік бағалау негізінде айқын емес параметрлерді сипаттайтын терм-жиындар $T(X, Y)$ анықталып, олардың термдерінің тиістілік функциялары $\mu_{A_i}(\tilde{x}_i), i = \overline{1, n}, \mu_{B_j}(\tilde{y}_j), j = \overline{1, m}$ тұрғызылады. Тиістілік функцияларды жылдам тұрғызу үшін MATLAB жүйесінің Fuzzy Logic Toolbox инструментарийін пайдалануға болады, немесе ол функциялардың құрылымдарфы мен параметрлерін идентификациялау керек.

Ары қарай нысанның кірісі \tilde{x}_i мен шығысын \tilde{y}_j сипаттайтын лингвистикалық айнымалылар арасындағы байланыстарын анықтайтын айқын емес бейнелеулер \tilde{R}_{ij} құру қажет. \tilde{R}_{ij} есептеулерде ыңғайлығы болу үшін оларды келесі тиістілік функциялары көмегімен байланысатар матрицасы ретінде келтірген дұрыс:

$$\tilde{\mu}_{\tilde{R}_{ij}}(\tilde{x}_i, \tilde{y}_j) = \min[\mu_{\tilde{A}_i}(\tilde{x}_i), \mu_{\tilde{B}_j}(\tilde{y}_j)], i = \overline{1, n}, j = \overline{1, m}. \quad (2)$$

Логикалық қорытындылау ережелері негізінде лингвистикалық модельді жалпы түрде келесідей құруға болады (блок 5.8):

$$IF \tilde{x}_1 \in \tilde{A}_1 (\tilde{x}_2 \in \tilde{A}_2 (\dots, (\tilde{x}_n \in \tilde{A}_n), \dots)) THEN \tilde{y}_j^M \in \tilde{B}_j, j = \overline{1, m}. \quad (3)$$

Технологиялық жүйе агрегатының айқын емес шығыс параметрлерінің мәндері айқын емес теориясындағы $\tilde{B}_j = \tilde{A}_i \circ R_{ij}$ композициялық қорытындылау ережелері көмегімен анықтауға болады. Бұл ережелерді қолдану ыңғайлығы үшін агрегаттың айқын емес шығыс параметрлерінің мәндері максимінді көбейту негізінде келесідей тиістілік функциялармен жазылады:

$$\mu_{\tilde{B}_j}(\tilde{y}_j^*) = \max_{x_i \in X_i} \{ \min[\mu_{\tilde{A}_i}(x_i^*), \mu_{R_{ij}}((x_i^*, \tilde{y}_j^*))] \}. \quad (4)$$

Келтірілген (4) -рнектен агрегаттың шығыс параметрлерінің сандық шамалары $y_j^c, j = \overline{1, m}$ ол параметрлердің тиістілік функцияларының максималды мәндерінің аргументімен анықталады яғни:

$$y_j^c = \arg \max_{\tilde{y}_j^*} \mu_{\tilde{B}_j}(\tilde{y}_j^*). \quad (5)$$

Технологиялық жүйе агрегаттарының күйі мен жұмысын сипаттайтын теориялық мәліметтер, статистикалық деректер және айқын емес ақпарат қол жетімсіз боған жағдайда, ол агрегаттың моделін қарастырылған түрлі тәсілдерді бірге қолдана отырып нысанның гибриді моделін құруға болады [25].

Нәтижелерді талқылау

Ұсынылған түрлі сипаттағы қол жетімді ақпараттар негізінде технологиялық жүйелердің өзара байланысқан агрегаттары модельдерін құру әдістемесі баяу кокстеу қондырғысының кокстеу реакторлары, негізгі ректификациондық колоннасы және қыздыру пештерінің модельдері пакетін құруға бағытталған. Әдістеме жүйелік тәсілдеме көмегімен әр түрлі формалды және формалсыз тәсілдерді жүйелі қолдануға негізделген. Келтірілген 2-, 3-суреттердегі блок-схемада және олардың сипаттамаларында нысанның кіріс, шығыс параметрлерінің айқынсыздығына байланысты оның айқын емес немесе лингвистикалық модельдерін құру процедуралары ұсынылып, сипатталған. Өзірленіп, сипатталған әдістемеді түрлі белгілі және зерттеу барысында алынған (айқын емес, лингвистикалық модельдерді құру) тәсілдері біртұтас жүйе ретінде қолданылады. Сондықтан ұсынылған жүйелік әдістеме негізінде құрылған модельдер жүйесі эмерджендік қасиетке және синергизм эффектісіне ие. Ал бұл жүйелік қасиет пен эффектілер әзірленген жүйелік әдістеменің басқа тәсілдемелердің артықшылығын көрсетеді.

Технологиялық жүйе, мысалы БКҚ агрегаттарының өзара байланысқан агрегаттарының модельдер пакетін құрып, оны жүйелік модельдеуге қабілетті

әзірленген жүйелік әдістеме нысанның айқын емес шығыс параметрлері максимінді көбейту нешінде ол параметрлердің тиістілік функциялары арқылы (4) өрнекпен анықталады. Ал нысанның шығыс параметрлерінің сандық мәндері $y_j^c, j = 1, m$ олардың анықталған айқын емес шығыс параметрлерінің тиістілік функцияларының максималды аргументі ретінде анықталады. сандық мәндері $y_j^c, j = 1, m$, бұл (3) формула бойынша анықталған тиістілік функциясының максималды мәндерін қамтамасыз ететін аргументі ретінде (5) формуламен анықталады. Технологиялық жүйелердің өзара байланысқан агрегаттарының тиімді модельдерін құрып, біріккен модельдер пакетіне әзірлеуге ұсынылған бұл тәсіл бастапқы ақпараттың жетіспеушілігі, айқынсыздығы жағдайларында қол жетімді түрлі сипаттағы ақпараттар негізінде нысандардың түрлі модельдерін құратын жүйелі әдістеме болып табылады. Әдістеме модель құруға қажетті қол жетімді ақпараттардың сипаты мен модельдерді таңдау критерийлері мәндеріне байланысты нысандардың детерминдік, стохастикалық, айқын емес немесе лингвистикалық модельдерін құруға мүмкіндік береді. Содан кейін құрылған модельдерді технологиялық жүйеде өтетін процесс және агрегаттар арасындағы ағындарды ескере отырып, бір модельдер пакетіне біріктіру қажет.

БКҚ сияқты бастапқы ақпараттың тапшылығы және айқынсыздығымен сипатталатын технологиялық жүйелердің агрегаттарының модельдерін құрудың белгілі тәсілдерінен әзірленген жүйелік әдістемесінің айырмашылығы, ол қол жетімді түрлі сипаттағы ақпараттар негізінде жүйелердің өзара байланысқан модельдер пакетін құруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұсынылған жүйелік әдістеме жүйе агрегаттарының дәстүрлі детерминді, статистикалық модельдерімен қатар айқын емес, лингвистикалық модельдерін де құрып, алынған модельдерді бір модельдер пакетіне біріктіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жұмыста БКҚ сияқты бастапқы ақпараттың жетіспеушілігі және айқынсыздығымен сипатталатын технологиялық жүйелердің өзара байланысқан агрегаттарының бір пакетке біріктірілген модельдерін құруға арналған жүйелік әдістеме әзірленіп, сипатталған. Әзірленген әдістеме жүйелік тәсілдемеге, түрлі модельдер құрудың дәстүрлі тәсілдері мен айқынсыздықта модель құрудың ұсынылған тәсілдерін жүйелеп, кешенді қолдануға негізделген.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесідей негізгі қорытындылар жасауға болады:

1) БКҚ сияқты технологиялық жүйелердің өзара байланысқан агрегаттарының бастапқы қол жетімді ақпарат сипатына байланысты құруға болатын модельдерінің түрін жүйелік талдау мен эксперттік бағалау тәсілдері арқылы олардың тиімді модельдерін таңдау және таңдалған модельді құру процедурасы ұсынылып, сипатталған;

2) Зерттеу нысанының күй мен жұмысы жайында, оның кіріс, шығыс параметрлерінің айқынсыздығына байланысты, нысандардың айқын емес немесе лингвистикалық модельдерін құру тәсілі ұсынылған (сурет 3). Бұл тәсіл ақпараттың тапшылығы мен айқынсыздығында агрегаттардың түрлі модельдерін құру үшін әзірленген жүйелік әдістеме құрамына енеді;

3) Түрлі қол жетімді ақпарат негізінде өзара байланысқан агрегаттардың модельдерін бір модельдер пакетіне, технологиялық жүйеде жүретін процесстің өтуін ескере отырып біріктіру, принципі сипатталған. Ұсынылған принцип нысандағы технологиялық процесстің жүруі бағғытына ескеріле отырып, агрегат модельдерінің біреуінің шығысы басқа модельдердің кіріс ретінде пайдаланылады.

REFERENCES

Aliyev R.A., Tserkovny A.E., Mammadova G.A. (2018). Production management with fuzzy initial information." -M.: Energoatomizdat. 2nd ed. 2018. -253 p.

Tuleuov Zh.N., Suleimenov D. (2018). Technological regulations for the installation of delayed coking of the UZK 21-10/6 Atyrau refinery: - Atyrau: publishing house, 2018. 217 p.

Valyavin G.G., Zaporin V.P., Kalimullin T.I. (2020). The process of delayed coking and the production of petroleum cokes, specialized in application. -Tomsk: Publishing House of Tomsk Polytechnic University, 2020. 135 p.

Kafarov V.V., Dorokhov I.N. (2018). System analysis of chemical and technological processes. Fundamentals of Strategy. -M.: Nauka, 3rd ed. 2018, 517 p.

Zhorov M. (2015). Calculations and modeling of thermocatalytic processes in oil refining". -Moscow: Energoatomizdat, 2nd ed. 2015, 307 p.

Kabibullin M.D., Orazbayev B.B., Orazbayeva K.N., Iskakova S.Sh., Amanbayeva Zh.Sh. (2023). Kurdeli himiyalyk-technologiyalyk zhuyeler aggregattaryn modelderin bastapky akparattyn zhetispeushiligi men aykynsyzdygy zhagdayynda kuru // Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Kazakh National- Al-Farabi National University. Series physics and information technology. 2 (346) April – June 2023. -Pp.154–171. ISSN 1991-346X

Mohaddecy S.R., Zahedi S., Sadighi S., Bonyad H. (2006). Reactor modeling and simulation of catalytic reforming process. // Petroleum & Coal. 2006. V. 48. № 3. -Pp. 28–35.

Sharikov Yu.V., Petrov P.A. (2018). Universal model for catalytic reforming, Chemical and Petroleum Engineering, 2018. V. 25, №4. -Pp. 33–47.

Pinheiro C.C., Fernandes J.L., Domingues L. (2018). Catalytic Cracking (FCC) Process Modeling, Simulation, and Control // Industrial Engineering Chemistry Research., 2018. V 51, № 1. -Pp. 1–29.

Zhi-Wen Zhao, De-Hui Wang. Statistical inference for generalized random coefficient autoregressive model // Mathematical and Computer Modelling, 2018, V.56. № 3. -Pp.152–166.

Coleman B., Babu J. (2018). Techniques of Model Based Control. UpperSaddle River: Prentice Hall PTT, 2018, p. 576.

Поспелов Д.А. Ситуационное управление: теория и практика. -М.: Наука, 3-е изд. 2018, стр. 305.

Keller T., Gorak A. (2019). Modelling of homogeneously catalysed reactive distillation processes in packed columns: Experimental model validation. Comput. Chem. Eng. 2019. V. 48, -P. 74–93.

Dzhambekov A.M., Fyodorova O.V. (2018). Optimal control of the process of catalytic reforming of petrol fractions", Bulletin of the Astrakhan State Tech. University Ser. control, computing tech. inform., 2018. V. 329. №. 2. -Pp.34–42.

Карманов Ф.И., Острейковский В.А. (2019). Статистические методы обработки экспериментальных данных с использованием пакета MathCad, -М.: Радио и связь. 2019. -187 с. ISBN: 978-5-905554-96-4.

Шакирзянова Г.И., Сладовская О.Ю., Сладовский А.Г. (2019). Замедленное коксование как эффективная технология углубления переработки нефти. -М.: Химия, 2-ен изд. 2019. 347 с.

Douglas A.M. and Danny A.M. (2021). Statistical Methods in Experimental Pathology: A Review and Primer. The American Journal of Pathology. 2021. Vol. 191. No 5. 784–794 <https://doi.org/10.1016/j.ajpath.2021.02.009>

Jorgensen M. (2019). A Review of Studies on Expert Estimation of Software Development Effort. Journal of Systems and Software. 2019. V.70. -Pp.37–60.

Гуцыкова С.В. (2017). Метод экспертных оценок. Теория и практика, -М., ИП РАН. 2017. -278 p. ISBN: 978-5-9270-0209-2.

Zimmermann H.-J. Fuzzy Set Theory – and Its Applications. Springer Science+Business Media, LLC. Fifth Edition 2018. p.525. ISBN: 978-94-010-3870-6.

Ryzhov A.P. (2017). Theory of fuzzy sets and its applications. -Moscow: MSU, 2017. -278. ISBN: 978-3-540-70777-6Dubois D. The role of fuzzy sets indecision sciences: old techniques and new directions. *Fuzzy Sets and Systems*. 2011. V. 184. 3–17.

Reverberi A.P., Kuznetsov N.T., Meshalkin V.P., Salerno M., Fabiano B. Systematical Analysis of Chemical Methods in Metal Nanoparticles Synthesis//Theoretical Foundations of Chemical Engineering. 2019. V. 50. №1. -Pp. 63–75.

Pavlov S.Yu., Kulov N.N., Kerimov R.M. Improvement of Chemical Engineering Processes Using Systems Analysis//Theoretical Foundations of Chemical Engineering. 2016. V. 53. № 2. -Pp.117–133.

Orazbayev B.B., Ospanov E.A., Orazbayeva K.N., Kurmangazieva L.T. (2018). A Hybrid Method for the Development of Mathematical Models of a Chemical Engineering System in Ambiguous Condition // Mathematical Models and Computer Simulations, ISSN 2070-0482, 2018, V. 10, № 6, -Pp.748–758.

МАЗМҰНЫ

| | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Г. Әбдіқалық, Ә. Мұқанова, А. Назырова CRF ЖӘНЕ RANDOM FOREST МОДЕЛДЕРІНІҢ КӨМЕГІМЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ АТАЛҒАН ОБЪЕКТІЛЕРДІ ТАҢУ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ..... | 7 |
| Г.Б. Абдикеримова, М.Б. Есенова, Т.Т. Оспанова, У.Ж. Айтимова, М. Айтимов ҒАРЫШТЫҚ КЕСКІНДЕРДІ ӨНДЕУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕКСТУРАЛЫҚ ЛАВС МАСКАЛАР ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ..... | 18 |
| Б.У. Асанова, Б.Б. Оразбаев, Ж.Ж. Молдашева, Г.Ж. Шүйтенов, Э.М. Дюсембина ТҮРЛІ СИПАТТАҒЫ ҚОЛ ЖЕТІМДІ АҚПАРАТТАР НЕГІЗІНДЕ БАЯУ КОКСТЕУ ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСҚАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АГРЕГАТТАРЫ МОДЕЛЬДЕРІН ҚҰРУ ӘДІСТЕМЕСІ..... | 28 |
| Г.Б. Бахадирова, Н. Тасболатұлы, А.С. Муканова, Ш. Тураев МАТЛАВ SIMULINK-ТЕ СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС ЖҮЙЕ ҮШІН КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ СЫЗЫҚТЫҚ БАСҚАРУДЫ ЖОБАЛАУ..... | 44 |
| Е.С. Голенко, А.А. Исмаилова ПРЕДСКАЗАНИЕ ФУНКЦИЙ БЕЛКА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОМБИНАЦИИ VILSTM И АЛГОРИТМА САМОВНИМАНИЯ..... | 62 |
| Л.З. Жолшиева, Т.К. Жукабаева, Ш. Тураев, М.А. Бердиева CNN НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ҒЫМ ТІЛІН ТАҢУ..... | 76 |
| К.К. Кадиркулов, А.А. Исмаилова, Ә.Б. Бейсегұл ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ ҮШІН МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МОДЕЛІН ТАҢДАУ..... | 88 |
| А. Муканова, А. Муханова, Т. Оспанова, А. Бакиева, В. Махатова ҚҰЗЫРЕТТІК ТӘСІЛДЕР НЕГІЗІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ..... | 99 |
| Ш.Ж. Мусиралиева, М.А. Болатбек, М. Сағынай, Ж.Ы. Елтай, К.Б. Багитова ЭКСТРЕМИСТІК МӘЛІМЕТТЕР ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖОБАЛАРЫНА ЖҮЙЕЛІК ШОЛУ..... | 112 |
| Д. Оралбекова, О. Мамырбаев, А. Жунусова, Б. Жұмажанов КҮРДЕЛІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ БАР ТІЛГЕ АРНАЛҒАН ЗАМАНАУИ ТІЛДІК МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ..... | 131 |
| Б.Т. Рзаев, Ж.Т. Бельдеубаева, И.М. Увалиева СТЕКИНГ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖЕЛІДЕГІ ЗИЯНДЫ ДЕРЕКТЕРДІ АНЫҚТАУ..... | 147 |
| Н.С. Баймулдина, Г.Н. Скабаева, А.Д. Жақсыбаева БИОТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ..... | 161 |
| А.Ә. Таурбекова, Ө.Ж. Мамырбаев, Б. Т. Қарымсақова, Б. Ж. Жұмажанов МАГМАНЫҢ ШЫҒУ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУ..... | 176 |
| Г.С. Шаймерденова, Р.А. Саркулакова, М.М. Тұрғанбекова, Б.Ө. Тастанбекова, М.Т. Байжанова, МОБИЛЬДІ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-БАНКИНГТЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР: ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ..... | 193 |
| Я. Кучин, Н. Юничева, Р.И. Мухамедиев, Е. Мухамедиева МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІМЕН ҚАБАТТЫҢ ТОТЫҒУ АЙМАҚТАРЫН ОҚШАУЛАУ МҮМКІНДІГІН БАҒАЛАУ..... | 210 |

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Г. Абдикалык, А. Муканова, А. Назырова РАСПОЗНАВАНИЕ ИМЕНОВАННЫХ ИМЕНОВАННЫХ ОБЪЕКТОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ С ПОМОЩЬЮ МОДЕЛЕЙ CRF И RANDOM FOREST: СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ..... | 7 |
| Г.Б. Абдикеримова, М.Б. Есенова, Т.Т. Оспанова, У.Ж. Айтимова, М. Айтимов ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДОВ ИНФОРМАТИВНОЙ ТЕКСТУРНОЙ МАСОК ЛАВСА ПРИ ОБРАБОТКЕ КОСМИЧЕСКИХ ИЗОБРАЖЕНИЙ..... | 18 |
| Б.У. Асанова, Б.Б. Оразбаев, Ж.Ж. Молдашева, Г.Ж. Шуйтенов, Э.М. Дюсембина МЕТОДИКА РАЗРАБОТКИ МОДЕЛЕЙ ВЗАИМОСВЯЗАННЫХ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ АГРЕГАТОВ УСТАНОВКИ ЗАМЕДЛЕННОГО КОКСОВАНИЯ НА ОСНОВЕ ДОСТУПНОЙ ИНФОРМАЦИИ РАЗЛИЧНОГО ХАРАКТЕРА..... | 28 |
| Г.Б. Бахадирова, Н. Тасболатұлы, А.С. Муканова, Ш.Тураев ПРОЕКТИРОВАНИЕ ЛИНЕЙНОГО УПРАВЛЕНИЯ С ОБРАТНОЙ СВЯЗЬЮ ДЛЯ НЕЛИНЕЙНОЙ СИСТЕМЫ В MATLAB SIMULINK..... | 44 |
| Е.С. Голенко, А.А. Исмаилова ПРЕДСКАЗАНИЕ ФУНКЦИЙ БЕЛКА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОМБИНАЦИИ VILSTM И АЛГОРИТМА САМОВНИМАНИЯ..... | 62 |
| Л.З. Жолшиева, Т.К. Жукабаева, Ш. Тураев, М.А. Бердиева РАСПОЗНАВАНИЕ КАЗАХСКОГО ЖЕСТОВОГО ЯЗЫКА НА ОСНОВЕ CNN..... | 76 |
| К.К. Кадиркулов, А.А. Исмаилова, Ә.Б. Бейсегұл ВЫБОР МОДЕЛИ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ ПО ИНТЕРПРЕТАЦИИ РЕЗУЛЬТАТОВ ЛАБОРАТОРНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ..... | 88 |
| А. Мукашова, А. Муханова, Т. Оспанова, А. Бакиева, В. Махагова ВАЖНЫЕ АСПЕКТЫ РАЗРАБОТКИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ, ОСНОВАННЫХ НА КОМПЕТЕНТНОСТНОМ ПОДХОДЕ..... | 99 |
| Ш.Ж. Мусиралиева, М.А. Болатбек, М. Сағынай, Ж.Ы. Елтай, К.Б. Багитова ПОНЯТИЕ ЭКСТРЕМИСТСКИХ ДАННЫХ И СИСТЕМНЫЙ ОБЗОР ПРОЕКТОВ ПО БОРЬБЕ С ЭКСТРЕМИЗМОМ..... | 112 |
| Д. Оралбекова, О. Мамырбаев, А. Жунусова, Б. Жумажанов ИССЛЕДОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ ЯЗЫКОВОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ ДЛЯ ЯЗЫКА СО СЛОЖНОЙ МОРФОЛОГИЧЕСКОЙ СТРУКТУРОЙ..... | 131 |
| Б.Т. Рзаев, Ж.Т. Бельдеубаева, И.М. Увалнева ИДЕНТИФИКАЦИЯ ВРЕДОНОСНЫХ ДАННЫХ В ИНФОРМАЦИОННОЙ СЕТИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕТОДА СТЕКИНГА..... | 147 |
| Н.С. Баймулдина, Г.Н. Скабаева, А.Д. Жақсыбаева ПРОГРАММНОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ ПРОЕКТАМИ В ОБЛАСТИ БИОТЕХНОЛОГИИ..... | 161 |
| А.А. Таурбекова, О.Ж. Мамырбаев, Б.Т. Карымсакова, Б.Ж. Жумажанов ИССЛЕДОВАНИЯ ПРОЦЕССА ИСТЕЧЕНИЯ МАГМЫ..... | 176 |
| Г.С. Шаймерденова, Р.А. Саркулакова, М.М. Турганбекова, Б.О. Тастанбекова, М.Т. Байжанова ДОСТИЖЕНИЯ В МОБИЛЬНОМ И ОНЛАЙН-БАНКИНГЕ: КОМПЛЕКСНЫЙ АНАЛИЗ ТЕХНОЛОГИЙ И ИННОВАЦИЙ..... | 193 |
| Я. Кучин, Н. Юничева, Р.И. Мухамедиев, Е. Мухамедиева ОЦЕНКА ВОЗМОЖНОСТИ ВЫДЕЛЕНИЯ ЗОН ПЛАСТОВОГО ОКИСЛЕНИЯ МЕТОДАМИ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ..... | 210 |

CONTENTS

| | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| G. Abdikalyk, A. Mukanova, A. Nazyrova NAMED ENTITY RECOGNITION FOR KAZAKH LANGUAGE USING CRF AND RANDOM FOREST MODELS: A COMPARATIVE STUDY..... | 7 |
| G.B. Abdikerimova, M.B. Yessenova, T.T. Ospanova, U.Zh Aitimova, M. Murat USE OF INFORMATION TEXTURE LAWS MASK METHODS IN SPACE IMAGE PROCESSING..... | 18 |
| B. Assanova, B. Orazbayev, Zh. Moldasheva, G. Shuitenov, E. Dyussemina METHODOLOGY FOR DEVELOPING MODELS OF INTERRELATED TECHNOLOGICAL UNITS OF A DELAYED COKING UNIT ON THE BASIS OF AVAILABLE INFORMATION OF A DIFFERENT NATURE..... | 28 |
| G.B. Bahadirova, H. Tasbolatuly, A.S. Mukanova, Sh. Turaev DESIGNING LINEAR FEEDBACK CONTROL FOR A NONLINEAR SYSTEM IN MATLAB SIMULINK..... | 44 |
| Y.S. Golenko, A.A. Ismailova PROTEIN FUNCTION PREDICTION USING THE COMBINATION OF BILSTM AND SELF-ATTENTION ALGORITHM..... | 62 |
| L. Zholshiyeva, T. Zhukabayeva, Sh. Turaev, M. Berdieva KAZAKH SIGN LANGUAGE RECOGNITION BASED ON CNN..... | 76 |
| K. Kadirkulov, A. Ismailova, A. Beissegul SELECTION OF A MACHINE LEARNING MODEL FOR INTERPRETING LABORATORY RESULTS..... | 88 |
| A. Mukashova, A. Mukanova, T. Ospanova, A. Bakiyeva, V. Makhatova IMPORTANT ASPECTS OF DEVELOPING EDUCATIONAL PROGRAMS BASED ON THE COMPETENCY-BASED APPROACH..... | 99 |
| Sh. Mussiraliyeva, M. Bolatbek, M. Sagynay, Zh. Yeltay, K. Bagitova THE CONCEPT OF EXTREMIST DATA AND A SYSTEMATIC REVIEW OF ANTI-EXTREMISM PROJECTS..... | 112 |
| D. Oralbekova, O. Mamyrbayev, A. Zhunussova, B. Zhumazhanov STUDY OF MODERN METHODS OF LANGUAGE MODELING FOR A LANGUAGE WITH A COMPLEX MORPHOLOGICAL STRUCTURE..... | 131 |
| B. Rzayev, Zh. Beldeubayeva, I. Uvaliyeva IDENTIFICATION OF MALICIOUS DATA IN THE INFORMATION NETWORK BY USING THE STACKING METHOD..... | 147 |
| N.S. Baimuldina, G.N. Skabayeva, A. Zhaksybayeva PROJECT MANAGEMENT SOFTWARE IN THE FIELD OF BIOTECHNOLOGY..... | 161 |
| A.A. Taurbekova, O.Zh. Mamyrbaev, B.T. Karymsakova, B.Zh. Zhumazhanov INVESTIGATIONS OF MAGMA OUTPUT PROCESS..... | 176 |
| G.S. Shaimerdenova, R.A. Sarkulakova, M.M. Turganbekova, B.O. Tastanbekova, M.T. Baizhanova ADVANCEMENTS IN MOBILE AND ONLINE BANKING: A COMPREHENSIVE ANALYSIS OF TECHNOLOGIES AND INNOVATIONS..... | 193 |
| Y. Kuchin, N. Yunicheva, R.I. Mukhamediev, E. Mukhamedieva ESTIMATION OF THE POSSIBILITY TO SELECT RESERVOIR OXIDATION ZONES BY MACHINE LEARNING METHODS..... | 210 |

**Publication Ethics and Publication Malpractice
the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>

ISSN 2518-1726 (Online),

ISSN 1991-346X (Print)

Подписано в печать 28.09.2023.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

18,0 п.л. Тираж 300. Заказ 3.